

**6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
орындалған Ардабаева Алмагуль Кайрбаевнаның «Білім беру мазмұнын
жаңарту жағдайында орта мектепте геометрия курсының оқытудың
әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми
кеңесшісінің
ПІКІРІ**

Орта білім беру жүйесінде геометрияны оқыту оқушылардың логикалық ойлауын дамытумен және практикалық жағдайларда қолдануға қажетті математикалық білім мен біліктілік жүйесін, геометриялық әдістерді меңгертумен ерекше орын алады.

Қазіргі уақытта орта мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушыларға геометрияны оқытып-үйретудің педагогикалық теориясы мен практикасын одан әрі дамыту, оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерін жүйелі жасау қажетті болып отыр. Осыған орай, докторант Ардабаева Алмагуль Кайрбаевнаның диссертациялық жұмысы жалпы білім беретін мектепте геометрияны оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы өзекті мәселе аясында орындалды.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде ұсынылған ғылыми аппарат зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты, нысаны, пәні, болжамы, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы дұрыс тұжырымдалған.

Докторант диссертациялық жұмысты орындау барысында алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген:

- жалпы білім беретін мектептерде геометриялық білім берудің алатын орны мен маңыздылығын, тарихи қалыптасу кезеңдерін, құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктерін айқындаған;

- мектептің жаңартылған білім мазмұнына сай негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде геометрияны оқытудың сабақтастығы мен пәнаралық байланысы айқындалған;

- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша геометрияны оқыту әдістері, оқу процесін ұйымдастыру тәсілдері, компьютерлік программаларды қолдану мүмкіндіктерін көрсетіп, оқушыларға геометриялық есептерді шығаруды үйрету әдістемесін жасаған.

Зерттеу тақырыбы бойынша докторант диссертациялық жұмыстың нәтижелерін көрсететін 20 ғылыми жұмыс жариялады, оның ішінде орыс және қазақ тілдерінде 9-сыныпқа арналған геометрия пәні бойынша есептер жинағы әзірленді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ардабаева Алмагуль Кайрбаевнаның «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте геометрия курсының оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:

Абай атындағы ҚазҰПУ

Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



Е.А. Тұяқов

